



18-сурет. Баяу кокстеу қондырғысының жалпы көрінісі

кейін гидробұрғыны алып тастайды да, гидрокескішпен ауыстырады. Гидрокескіш соплалармен жабдықталған, олар арқылы камераның қабырғаларына бағытталатын судың күшті ағыны беріледі. Камера бойымен гидрокескіш қозғала отырып, қабырғалардан коксті толық түсіреді.

Одан ары кокс 19-суретте көрсетілген сұлба бойынша тасымалданады. Камерадан шығарылған кокс пен су диаметрі 1,4 м болатын жүк түсіргіш люк арқылы *Д-1* ұсатқышына түседі, онда кокс өлшемі 250 мм артық емес кесектерге майдаланады. Ұсатылған кокс қырғыш конвейер *СК-1* түседі, ол сусыздандырғыш түбімен жабдықталған. Түбі арқылы су кетеді, ал кокс элеватормен екі елеуішті елекке беріледі, онда үш фракцияға сұрыпталады: 25 мм жоғары, 25-6 мм, 6-0 мм.

Сусыздандырғыш түп арқылы кеткен суда кокстің майдалары болады, олар арнайы сүзгі-тұндырғыштарда судан бөлінеді және грейферлік кран арқылы кокс майдаларына арналған бункерге салады. Тұндырғыштағы суды циклге қайта түсіреді.